



Идея индустриялық игілікке айналады

Бір кездері Қарағандыны барша жұрт көмірдің астанасы ретінде таныды. Бұл атау өңірдің өндірістік әлеуетінің символына айналды. Алайда, уақыт өзгерді. Бүгінде елдің экономикалық қуаты табиғи ресурстармен ғана емес, адам капиталымен, инновациямен және шығармашылық әлеуетпен де өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда креативті индустрия әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының біріне айналып отыр. Облыста жұмысын бастаған «Сарыарқа Creative Hub» шығармашылық қауымдастықты біріктіріп, креативті индустрияның дамуына жаңа серпін беруде.

нақты көрінісі ретінде «Сарыарқа Creative Hub» креативті орталығы жұмысын бастады.

Бұл – шығармашылық адамдардың басын қосып, олардың идеясын нақты жобаға, дайын өнімге әрі табыс көзіне айнал-



КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

шығармашылық қауымдастықтың осындай ортаға деген сұранысы негіз болды. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер Сарыарқа өңірінде талантты жастардың аз еместігін көрсетті. Алайда, олардың басын біріктіретін, жобаларын дамытуға мүмкіндік беретін тұрақты алаң болмағандықтан, көптеген идея жүзеге аспай келген. Жаңа орталық осы олқылықтың орнын толтыруды көздейді. Шығармашылық адамның басты мәселесі көбіне таланттың жоқтығы емес, оны дамыту мен нарыққа шығарудың жолын білмеуінде. Бірі сурет салады, бірақ оны сатудың тетігін білмейді. Екіншісі қысқаметражды фильм түсіреді, алайда оны қайда ұсынарын білмейді. Үшіншісі ұлттық нақыштағы бұйым жасайды, бірақ нарыққа шығудың мүмкіндігін таппайды. Осындай жағдайда идея мен мүмкіндік арасындағы көпірдің ролін дәл осы хаб атқарады.

Орталықтың жұмысы облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен бірлесіп жүзеге асырылады. Мұндағы негізгі міндет – шығармашылық идеяның дүниеге келуінен бастап оны коммерцияландыруға дейінгі барлық кезеңде қолдау көрсету. Мұнда шығармашылық жобаларды әзірлеу, білім беру бағдарламалары, маркетинг, өнімді нарыққа шығару, актерлік шеберлік, дубляж, дизайн, сән индустриясы, колөнер және басқа да бағыттар қатар дамытылуда.

дируды мақсат еткен жаңа алаң. Мұнда суретшілер, дизайнерлер, колөнершілер, режиссерлер, музыканттар, фотографтар, IT мамандары, контент жасаушылар мен жас кәсіпкерлер бір ортада бас қосып, тәжірибе алмасып, бірлескен жобаларды жүзеге асыра алады.

Хабтың құрылуына өңірдегі



Жамал СОВЕТКЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа орталықтың жарқын қадамы

Креативті индустрия – идеяны өнімге, талантты табысқа айналдыратын экономиканың жаңа бағыты. Оның құрамына дизайн,

кино, анимация, сәулет, сән индустриясы, музыка, колөнер, графикалық дизайн, бағдарламалау, ойын индустриясы, SMM, мобилография, цифрлық контент өндірісі және басқа да шығармашылық салалар кіреді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай экономика жаңа жұмыс орындарын құрып қана қоймай, өңірдің

инвестициялық тартымдылығын арттырып, ұлттық мәдениеттің дамуына да серпін береді. Соңғы жылдары елімізде де бұл бағытқа ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекет шығармашылық кәсіпкерлерді қолдау, гранттар бөлу және креативті орталықтар ашу арқылы саланың дамуына жағдай жасауда. Облыста осы саясаттың

• ТҰҒЫШ ҒАРЫШКЕР, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ – 80 ЖАСТА

Туған жер құшағындағы құрмет

Ғарышты бағындырған тарлаын Алаш жұрты туған жер төрінде дәл қазақы қалыппен ұлықтады! Қарқаралының карт тауларын таң шапағы көмкерген сәттен-ақ, киелі өлкенің тынысы дүбірлі тойдың екпініне ауысты. Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тұңғыш ғарышкеріміз Токтар Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойы күллі қазақ баласының мерейін тасытқан ұлы думанға айналды. Тойға облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов арнайы қатысып, мерейтой иесіне аймақ жұртшылығының ақжарма тілегін жеткізді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел ардақтаған Ер

Думанның негізгі ордасына айналған «Qaqaraly Go» этноауылында алпыс ақшаңқан киіз үй сап түзеп, алыстан қарағанда Қарқаралының баурайына ақ шағала конғандай әсер қалдырды. Әр үйде қазан көтеріліп, ақ дастарқан жайылды. Алыс-жақыннан ағылған ағайынға қымыз ұсынылып, ет асылды. Бір тұста домбыраның әуезді үні тоғіл-



се, енді бір жактан балуанға дем берген жанкүйерлердің даусы естіледі. Садақшылар нысанасын түзеп, ат-бегілер сәйгүліктерінің ер-тұрман-нын сайлап жүр. Той аланының әр пұшағы қазақы салт пен ұлттық рухқа тұнып тұр.

Сағат тілі он бірді көрсеткенде бас сахна маңына жиналған халықтың қарасы бұрынғыдан бетер қоюлана түсті. Салтанатты ашылу

Қарқаралы ауданының «Салтанат» халықтық ән-би ансамблінің театрландырылған бағдарламасымен басталды.

Жұрт назары көп ұзамай сахна төрінен орын алған мерейтой иесіне ауды. Елінің ыстық ықыласына бөленген Токтар Әубәкіров айналасына мейірлене көз тастап, қайта-қайта қол бұлғап қояды. Батырдың әр қимылын қалт жібермеген

қалың қауым ду қол шапалақтап, «Токтар аға!» деп құрметін білдірді.

Салтанатты жиында Қарқаралы ауданының әкімі Саят Мусин сөз сөйлеп, Токтар Әубәкіровтің мейітоы туған өлке үшін ғана емес, күллі қазақ елі үшін тарихи мәні зор оқиға екенін атап өтті.

– Бүгін біз ел мақтанышы, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Токтар Әубәкіров ағамыздың 80

жасқа толған мерейлі белесін кіндік қаны тамған киелі Қарқаралы жерінде зор қуанышпен атап өтіп отырмыз. Токтар ағамыздың ерлігі – бір өңірдің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мерейін асырған тарихи жетістік. Ол аспан әлемін бағындырып қана қойған жоқ, қазақ баласының арманын ғарышпен жалғап, кейінгі буынға сара жол салды. Токтар ағамыз – Қарқаралының ғана емес, барша Алаш жұртының ардақты перзенті, ұлт рухын асқақтатқан қаһарман, – деді аудан басшысы.

Салтанатты жиынға сондай-ақ, Қазақстанның Халық қаһарманы, ғарышкер Айдын Айымбетов те арнайы қатысты. Токтар Әубәкіров салған сара жолды жалғастырып, қазақтың ғарыштағы данқын асырған азаматты халық зор қошеметпен қарсы алды. Қарқаралы ауданының жұртшылығы атынан Айдын Айымбетовке қазақы дәстүрмен сәйгүлік мінгізіліп, ерекше құрмет көрсетілді. Мерейтойдың құрметті қоңақтары қатарында белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай мен академик Заркын Тайышбай да болды.

Токтар Әубәкіровтің мерейтойына арналған тағылымды шаралар бір күн бұрын басталғанын да айта кету керек. Қарқаралыдағы Шолпан Жандарбекова атындағы мәдениет үйінде Аян Кизкиннің «Ғасыр сандағы» атты қойылымы сахналанып, ғарышкердің өмір жолы, қайсар мінезі

мен елдік болмысы көркем бейнелер арқылы бедерленді. Сахна төрінде басталған сол тағзым ертенінде қалың елдің басын қосқан дүбірлі думанға жалғасты.

Мерекеде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алқа» әдеби ұйымы студенттері әзірлеген «Ұлт рухын асқақтатқан қаһарман» кітабының тұсауы кесілді. Жинаққа Токтар Әубәкіровтің тұлғалық болмысын, ерлік жолын зерделеген мақалалар мен жас буынның ой-толғамдары енгізілген. Ел атынан батырдың иығына шапан жабылып, құрмет көрсетілді.

Тойдың салтанатты ашылуында жерлес әнші Қазыбек Әдікей мен акын Мирас Асаннның арнайы жазған «Токтар аға» әні де алғаш рет орындалды. Ақтангер акын, «Алтын домбыра» иегері Мақсат Аханов арнау айтып, Гүлбаршын Тергеубекова әннен шашу шашты. Туған жерінің төбесіне көтеріп, төріне оздырған құрметіне тебіренген Токтар Әубәкіров те халқына ақжарма алғысын білдірді.

– Айналайын, ардақты елім, ақпайыл халқым! Өздеріңіздей туған халқымыңның ыстық ықыласы мен зор құрметіне бөленіп, төрде отыру – мен үшін үлкен бақыт, мәртебе. Кеудемді мақтаныш кернеп, жүрегім тебіреніп тұр.

► 4-бет

Жаңарған жол қатынасты жеңілдетеді

Қарқынды дамып келе жатқан Қарағанды үшін сапалы жол – экономика-ның дамуына серпін беретін, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартатын маңызды инфрақұрылым. Соңғы жылдары аймақта жол желісін жаңғыртуға басымдық беріліп келеді. Быылғы құрылыс маусымы да ауқымды жобаларымен ерекшелене түседі. Қала бойынша 85 шақырымнан астам автомобиль жолы салынып, қайта жаңғыртылып және күрделі жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстар көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға қолайлы әрі заманауи қалалық орта қалыптастыруға бағытталған.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жұмыстардың барысымен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы жұмыс сапары барысында танысып, бірқатар маңызды нысандарды аралады. Аймақ басшысы құрылыс қарқынына, ең алдымен, орындалатын жұмыстардың сапасы мен белгіленген мерзімнің сақталуына ерекше назар аударды.

Жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқан басты нысанның бірі – Төттімбет пен Мұқанов көшелерінің қиылысындағы жол-айрығы. Қаладағы көлік қозғалысы ең тығыз учаскелердің бірі саналатын бұл жолайрық көптен бері жаңғыртуды қажет етіп келген еді. Жоба аясында нөсерлі кәріз жүйесіне қатысты мәселе толық шешімін тауып, қозғалыс жолақтарының саны артты. Сонымен бірге, қосымша ауыспа жол мен солға бұрылуға арналған арнайы жолақтар белгіленді. Қазіргі уақытта бағдаршамдарды орнату жұмыстары аяқталуға жақын. Осыдан кейін жанартылған жол-айрық тұрғын игілігіне беріліп,



көлік қозғалысы ашылады.

Жобаның басты ерекшелігі – құрылыс сапасына қойылатын жоғары талаптар. Әрбір кезең бірнеше деңгейлі бақылаудан өткізіліп, қолданылатын материалдардың сапасы тұрақты тексеріледі.

– Барлық учаскеде заманауи материалдар қолданылып, сапаны бақылаудың бес сатылы жүйесі жұмыс істейді. Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Сондықтан, барлық нысан тұрақты бақылауда, – деді қала

әкімінің орынбасары Рүстем Қожақапанов.

Қаладағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Оңтүстік-Шығыс пен Майкұдықты байланыстыратын жаңа магистраль. Бұл жол пайдалануға берілген соң көлік ағынын тиімді қайта бөліп, тұрғындардың уақытын үнемдеуге және қаланың негізгі көшелеріндегі жүктемні азайтуға мүмкіндік береді.

Ұзындығы шамамен алты шақырым болатын жаңа жолдың құрылысы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Қазір оның алғашқы 800

метріне асфальт төселіп үлгерген. Жоба бойынша төрт жолақты қозғалыс ұйымдастырылып, 15 су өткізгіш құбыр орнатылады. Одан бөлек, күрделі инженерлік жұмыстың бірі жартасты топырақты қазу жұмыстары қарқынды жалғасуда.

Мамандардың айтуынша, жолдың үстіңгі қабаты жоғары жүктемеге төзімді кийршықтас-мастикасы асфальтбетоннан төселеді. Ал, құрылыс аяқталғаннан кейін мердігер ұйым нысанның сапасына бес жылдық кепілдік береді. Бұл – орындалған жұмыстардың ұзақ мерзімділігіне және сапасына деген жауапкершіліктің нақты көрінісі.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі Спасск тасжолындағы қайта жаңғырту жұмыстарын да тексерді. Мұнда жол жабынын жаңартумен қатар, қала тұрғындарының сұранысына сай велосипед жолдарын салу мен аумақты абаттандыру жұмыстары қатар жүргізілуде. Бұл бастама экологиялық таза көлік түрлерін дамытуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі саналады.

– Алматы жағынан қалаға



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

көріберісте жол жиектерін орнату және велосипед жолдарын салу арқылы ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл тұрғындардың экологиялық таза көлік түрін жайлы пайдалануына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл жүйені дамытамыз. Тағы бір ірі жоба – Оңтүстік-Шығыс пен Майкұдықты байланыстырып, көлік ағынын азайтатын жаңа магистраль. Біз болашақ жолдың бүкіл бағытын аралап шықтық. Жұмыстар қарқынды жүргізіліп, қазір асфальт төсеуге дайындық жүріп жатыр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінде жол құрылысы тек асфальт төсеумен шектелмейді. Ол – қауіпсіздік, инженерлік инфрақұрылым, экология және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру сияқты бірнеше маңызды бағытты біріктіретін кешенді жұмыс. Сондықтан, қолға алынған әрбір жоба қаланың болашақ дамуына салынған инвестиция деуге толық негіз бар.

Жыл соңына қарай Қарағандыдағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін автомобиль жолдарының үлесі 87 пайызға жетеді деп күтілуде. Бұл көрсеткіш өңірдегі жол инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңғырту жұмыстарының нақты нәтижесін айқындайды.

Алдағы жоспарлар да ауқымды. Қаладағы жаңа шағын аудандарда кварталшілік жолдар салу, көлік қатынасын жетілдіру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасын табады. Өйткені, заманауи әрі қауіпсіз жол – жайлы қозғалыс әрі қаланың өркендеуінің, экономиканың дамуының және тұрғындардың әл-ауқатының маңызды көрсеткіші.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутатыларын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлдандырма жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлдандырылуы туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы



Экосаябақ толығыады

Қарағандыда көктемде салынған жаңа экосаябақтағы 4 мыңнан астам ағаш көшетінің 95 пайызға жуығы тамыр жайып, өсіп келеді. Мамандар табиғи бейімделу кезеңіндегі көшеттерге тыңайтқыш беріп, топырағын қосытып, күнделікті күтім жасауда.

Мәдениет және демалыс саябақтары басқармасының басшысы Дәулет Махановтың айтуынша, 200 гектар аумақты алып жатқан экосаябақта күн сайын арнайы бригада жұмыс істейді. Суару үшін 180-нен астам бөшке қойылып, тамшылатып суару жүйесі іске қосылған. Су тасымалдауға Әлихан Бөкейхан атындағы аудан әкімдігі қолдау көрсетіп отыр. Қазір бір ұңғыма бұрғыланса, екіншісінде жұмыс жалғасуда. Алдағы уақытта магистральдық су құбыры тартылып, суару жүйесі толықтай орталықтандырылады.

Мамандардың айтуынша, егілген барлық көшеттің жай-күйі тұрақты бақылауда. Қазір көшеттердің шамамен 5%-ы табиғи бейімделу кезеңінен өтіп жатқандықтан, сырт көзге әлсіздеу көрінуі мүмкін. Оларды қалпына келтіру үшін тыңайтқыштар мен дәрумендер беріледі, сондай-ақ, топырағы қосыптылады.

Экосаябақты көгалдандыру жұмыстары осы күзде жалғасады. Мұнда тағы шамамен 5 мың ағаш көшетін егу жоспарланып отыр.

Өз тілшімізден

Көгілдір отын көп кешікпейді

Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мен өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету – күн тәртібінен түспейтін басым міндеттердің бірі. Осы бағыттағы жұмыстар кезекті аппарат жиынында тағы бір мәрте сараланып, газдандыру жобаларының орындалу қарқыны, жаңа міндеттер және сот жүйесіндегі кадрлық өзгерістер кенінен сөз болды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аппарат жиынын ашқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ең әуелі кадрлық мәселеге тоқталып, Мемлекет басшысының Жарлығымен Қарағанды облыстық сотының төрағасы лауазымына Ғалым Құлекеевтің тағайындалғанын хабарлады. Аймақ басшысы жаңа төрағаның көпжылдық кәсіби тәжірибесіне жоғары баға беріп, сот төрелігінің сапасын арттыру мен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау жолындағы жауапты қызметіне табыс тіледі.

Ғалым Батырбекұлы – сот жүйесінде ширек ғасырға жуық тәжірибесі қалыптасқан білікті заңгер. 1979 жылы дүниеге келген ол үш жоғары білім алып, еңбек жолын 2000 жылы сот маманы ретінде бастады. Қызмет барысында кәсіби өсудің барлық белестерінен өтіп, судьялыққа дейінгі жолды еңсерді. Әр жылдары Астана қаласының Алматы аудандық сотында судья, Жамбыл аудандық сотының төрағасы болды. Кейін ұзақ жылдар Жамбыл аудандық сотында судья қызметін атқарды. Қарағанды облыстық сотының төрағасы болып тағайындалғанға дейін Азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жетекшілік етті.

Жиында бұдан кейін өңір үшін стратегиялық маңызы бар газдандыру мәселесі кеңінен талқыланды. 2020 жылдан бері жүйе



елі түрде жүзеге асырылып келе жатқан бұл жоба тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, өңірдің экологиялық ахуалын оңалтуға да ықпал етіп келеді. Табиғи газға қолжетімділікті кеңейту мақсатында жаңа газ тарату желілері салынып, инфрақұрылым кезең-кезеңімен жаңғыртылуда. Соның нәтижесінде бүгінде сегіз мыңнан астам тұрғын көгілдір отынның игілігін пайдаланып отыр.

Негізгі баяндаманы Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев жасады.

– Бүгінде облыста жалпы ұзындығы 647 шақырым газ тарату желісі салынды. Табиғи газ 16 489 жеке тұрғын үйге жеткізілді. Теміртау қаласында газдандыру жұмыстары толық аяқталды. Биыл газдандыру жобаларын іске асыруға 10,2 млрд теңге бөлінді. Осы қаражат есебінен

150 шақырым газ тарату желісін салу жоспарланған. Оның 120 шақырымы Қарағанды қаласына, қалған 30 шақырымы Ақтау және Ғабиден Мұстафин кенттерінде тиесілі. Есепті кезеңде 115 шақырым газ тарату желісі тартылып, құрылыс-монтаж жұмыстары Қарағанды мен Шахтинск қалаларында қарқынды жалғасуда, – деді Тілектес Досаев.

Шахтинск қаласын газдандыру жобасы 2023 жылы басталды. Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстар үш іске қосу кешені бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жоба аясында жалпы ұзындығы 233 шақырым газ тарату желісін тарту және 2480 тұрғын үйді табиғи газбен қамту көзделген. Қазіргі таңда республикалық бюджеттен бөлінген қаражат толық игерілді. Ал, жобаны одан әрі іске асыру жергілікті бюджет есебінен жалғасады. Сонымен қатар, Ақтау және Ғабиден Мұстафин кенттерінде, сондай-ақ

Шет ауданында құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде.

Биыл Саран қаласы, Ақтас және Дубовка кенттері мен «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын газдандыру жобалары мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алды. Бұл аталған елдімекендер мен өндірістік аймақты табиғи газбен қамту бағытындағы келеңсіз кезеңге жол ашты. Өз кезегінде сөз алған Теміртау қаласының әкімі Сапар Сатаев шаһарды газдандыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, жоба аясындағы негізгі жұмыстар аяқталуға жақын. Жекелеген көшелерде туындаған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, ахуал тұрақты бақылауда тұр.

«QAZAQGAZ АИМАQ» акционерлік қоғамы Қарағанды өндірістік филиалының директоры Владислав Кисиков газдандыру



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жұмыстарының негізгі басымдығы қолданыстағы газ тарату желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және жаңа тұтынушыларды көгілдір отынға қосу екенін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде филиал жалпы ұзындығы 800 шақырымнан асатын газ тарату желілеріне техникалық қызмет көрсетіп, олардың үздіксіз жұмысын бақылауда ұстап отыр.

– Филиал жұмысына 140 қызметкер жұмылдырылған. Қазір 10 411 абонентке қызмет көрсетеміз. Газ тарату желілерінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету және тұтынушыларды табиғи газбен қамту бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасып келеді, – деді спикер.

Аппарат жиынын түйіндеген аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облысты газдандыру мәселесі Президенттің тұрақты бақылауында екенін еске салып, жобаларды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтаудың маңызын атап өтті.

– Газдандыру жұмыстарының қарқыны бәсеңдемеуі тиіс. Ол үшін тұрғындар үшін табиғи газ желісіне қосу үдерісін жандандырып, техникалық шарттарды рәсімдеу мерзімдерін барынша қысқарту қажет. Жауапты мекемелердің үйлесімді жұмысы ғана жоспарланған жобалардың уақытылы жүзеге асуына және туындаған мәселелердің жедел шешілуіне мүмкіндік береді. Ең бастысы, халыққа көгілдір отынның артықшылықтары мен оған қосылу тәртібін жан-жақты түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуі керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жеті партия, бір мүдде



Қарағанды облысында Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарын сайлау аясындағы сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда. Сайлау науқаны кезеңінде саяси партиялар өңір тұрғындарымен кездесулер өткізіп, өздерінің бағдарламалық бағыттарын таныстыру, азаматтардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдау бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәлірек айтсақ, Саран қаласында «Темро» компаниясының ұжымымен Әділет партиясының Құрылтай сайлауалды бағдарламасы аясында кездесу өтті.

Кездесуде партияның негізгі басымдықтары мен алдағы жоспарлары таныстырылып, азаматтардың құқықтарын қорғау, әділетті қоғам қалыптастыру және әлеуметтік-экономикалық дамуға бағытталған бастамалар талқыланды. Сонымен қатар, қатысушылар өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салып, пікір алмасты.

Сонымен бірге, көтерілген ұсыныстар мен пікірлер алдағы жұмыстарда ескеріліп, қоғаммен ашық әрі тұрақты диалогты жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Ал, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының бастамасымен Қарағанды қаласында еңбек, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және қалалық ортаны дамыту мәселелеріне арналған азаматтық тыңдау өтті.

Іс-шарада қатысушылар еңбек жағдайларын жақсарту, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру, қалалық инфрақұрылымды дамыту сынды өзекті мәселелерді талқылады.

Сондай-ақ, азаматтар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, әлеуметтік мәселелер бойынша ашық пікір алмасты.

«Қазақстан «Байтақ» жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы сайлауалды облыс аумағында ақпараттық жұмыстар жүргізді.

Іс-шарада партия өкілдері облыстағы жергілікті атқарушы органдар мен тиісті сайлау комиссиялары белгілеген үгіт такталары мен арнайы бөлінген орындарға үгіт материалдарын орналастырды. Жұмыстар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

Аталған шара сайлаушыларды ақпараттандыруға және сайлауалды бағдарламалармен танысуға мүмкіндік жасауға бағытталды.

Қазақстан Халық партиясының Қарағанды облыстық филиалы өкілдері Абай ауданында тұрғындармен кездесу өткізіп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Партия өкілдері Дубовка кенті мен Абай қаласында сай-

лауалды бағдарламаның негізгі бағыттары туралы ақпарат берді. Кездесулер кезінде азаматтардың сұрақтарына жауап беріліп, халықтың әл-ауқатын арттыру және қоғамды дамыту бағыттары бойынша пікір алмасты.

Бұл жұмыстар сайлаушыларды партияның бағдарламалық ұстанымдарымен таныстыру, тұрғындармен кері байланыс орнату және ашық диалог жүргізу мақсатын көздейді.

«АУЫЛ» халықтық-демократиялық патриасының бастамасымен Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында сайлауалды кездесу және экологиялық акция өтті.

Іс-шарада тұрғындарға сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары таныстырылды. Сондай-ақ, қатысушылар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауылдық аумақтарды қолдау және инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері бойынша пікір алмасты.

Одан бөлек, экологиялық акция аясында қоғамдық аумақты тазалау жұмыстары жүргізілді.

«Ақ жол» демократиялық партиясының өкілдері де облыс аумағында сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында бірқатар кездесу ұйымдастырды.

Кездесулер барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтары таныстырылып, кәсіпкерлікті дамыту, экономикалық бастамаларды қолдау және өңірдің даму мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, қатысушылар сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдіруге мүмкіндік алды.

Ал, Respublica партиясының өкілдері «Корпорация Бест» ЖШС және «КарМедСервис» ЖШС ұжымдарымен кездесу өткізді.

Іс-шарада партия өкілдері сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттарын таныстырды. Кездесулерде өңірдің тұрақты дамуы, халықтың әл-ауқатын арттыру, кәсіпкерлікті қолдау және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қатысушылар ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салуға, сайлауалды бағдарлама бағыттары бойынша ашық пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Өткізілген барлық шаралар азаматтардың саяси сауатын арттыруға, сайлау процесі туралы ақпарат алу мүмкіндігін кеңейтуге және қоғам мен саяси күштер арасындағы ашық пікір алмасуға бағытталған. Аймақта сайлау науқаны жан талаптарына сәйкес жалғасуда.

Академик Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылытатуға және террористімізді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету»», «Жеке құдық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемн.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№237

Утеряно служебное удостоверение КР №05502 на имя майора полиции, участкового инспектора полиции Кулынбаева Ержана Нурановича, выданное 17 июня 2020 года, Департаментом полиции Карагандинской области РК

№243

Облыстық ардагерлер кеңесі ТМЛ еңбеккері, еңбек ардагері (мұғалім)

Магия СМАҒҰЛОВА

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Тарихи талғам табалдырығында

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды саяси өзгерістер жүзеге асуда. Маңызды қадамның бірі – Құрылтай институтының құрылуы. Бұл жана саяси құрылым заң шығару қызметін жүзеге асырып, республикалық бюджетті бекіту, Үкіметтің қызметіне парламенттік бақылау жасау және елдің даму бағытын айқындайтын маңызды шешімдерді қабылдау міндетін атқарады. Биыл 23 тамызда елімізде алғаш рет Құрылтай депутаттарын сайланады. Бұл – елдің жана саяси жүйесін қалыптастырудағы тарихи қадам.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы сайлау арқылы азаматтар заң шығарушы органның құрамын айқындап, мемлекеттің болашақтағы дамуына тікелей ықпал ету мүмкіндігіне ие болады.

Құрылтайдың басты ерекшелігі – оның құрамын халықтың таңдауы. Дәл сол таңдау елдің заң шығару жүйесінде қандай бастамалардың көтерілетінін және мемлекеттік саясаттың қандай бағытта жүзеге асатынын айқындайды.



Құрылтай заңдарды қабылдайтын, республикалық бюджетті бекітетін, Үкіметтің жұмысына бақылау жүргізетін және ел дамуына қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын жоғары өкілді орган ретінде жұмыс істейді. Сондықтан, оның құрамының кәсіби әрі жауапты болуы қоғам үшін де, мемлекет үшін де аса маңызды. Басты мақсаты – қоғамдағы маңызды жоғары пікірлердің заң шығару деңгейінде көрініс табуына мүмкіндік жасау. Бұл азаматтардың мемлекет ісіне қатысу мәдениетін нығайтып, елдегі маңызды мәселелерді шешудегі халықтың ролін арттырады. Мемлекеттік шешімдердің тиімділігі де қоғамның бел-

сенділігіне және халықтың сеніміне тікелей байланысты.

Ұсынылып отырған жобаға сәйкес, Құрылтай 145 депутаттан тұрады. Олар жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды жүйемен бес жыл мерзімге сайланады. Одан бөлек, депутаттардың өкілеттігі, Құрылтайдың жұмыс тәртібі және заң қабылдау рәсімдері жана құқықтық нормалармен айқындалады.

Әрбір сайлаушы дауыс беру арқылы – ел ертеңіне үлес қосады. Сайлау барысында әркім өз таңдауын еркін жасап, елдің алдағы даму бағытына қатысты көзқарасын білдіреді. Бұл – Конституциямен кепілдендірілген



құқық қана емес, қоғамның болашағына бағытталған ортақ жауапкершілік. Халық сеніміне ие болған депутаттар миллиондаған азаматтың өміріне әсер ететін маңызды заңдар мен шешімдерді қабылдайды. Бір ғана дауыс жалпы қорытындыға әсер етуі мүмкін. Сондықтан сайлауға қатысу – азаматтық жауапкершілікке әрі мемлекет тағдырына бейжай қарамайтын ұстанымға негізделеді. Белсенді қоғам ғана тиімді мемлекеттік институттардың қалыптасуына негіз бола алады.

Заң шығару қызметінің нәтижелі болуы азаматтардың пікірін ескеруге, қоғам сұранысына дер кезінде жауап беруге және ел мүддесін басты орынға қоюмен байланысты. Сондықтан, алдағы сайлау – жай ғана саяси науқан емес, еліміздің болашағын айқындайтын маңызды кезең.

Құрылтайдың қандай құрамда жұмыс істейтінін халықтың таңдауы шешеді. Бұл орайда әрбір азаматтың дауысы маңызды. Себебі, елдің ертеңі – халықтың саналы таңдауы мен белсенді азаматтық ұстанымына тікелей байланысты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Идея индустриялық игілікке айналады

(Соны. Басы 1-бетте)

Бүгінде хабтың есігі шығармашылықпен айналысатын кез келген адамға ашық. Мұндағы басты мақсат – білім беру ғана емес, пікірлес адамдардың басын қосатын қауымдастық қалыптастыру. Шығармашылық орта жана идеялардың тууына, тәжірибе алмасуға және бірлескен жобалардың жүзеге асуына ықпал етеді.

Жастар қайда бет бұрып жатыр?

Кейінгі жылдары жастардың қызығушылығы да айтарлықтай өзгерді. Егер бұрын көпшілік дәстүрлі мамандықтарға ұмтылса, бүгінде цифрлық контент өндірісі, мобилография, графикалық дизайн, SMM және IT бағыттарына сұраныс артып келеді. Осы өзгерісті ескерген хаб түрлі курстар, тренингтер мен шеберлік сабақтарын тұрақты ұйымдастырады. Соның бір мысалы – жуырда волонтерлерге арналған SMM бойынша өткен шеберлік сабағы. Оған отызға жуық жас қатысып, тәжірибелі мамандардан білім алды. Сабақтан кейін қатысушылардың бірі орталық командасына қосылып, алдағы іс-шараларда контент өндіруге ниет білдірген. Бір қарағанда шағын ғана оқиға болғанымен, дәл осындай кездесулер болашақтағы үлкен жобалардың бастамасына айналады.

Тағы бір маңызды жоба – Qazyna School жеке мектебінің негізін қалаушы Дәмелі Ермекова ұйымдастырған отбасы институтын нығайтуға арналған шығармашылық шеберлік сабақтары. Жобаның ерекшелігі – ата-ана мен баланың бірге уақыт өткізуі арқылы ұлттық құндылықтарды дәртіптеу. Хаб өкілдерінің пікірінше, жастарды дұрыс бағытқа баулу шығармашылықпен қатар қоғамның рухани дамуына да ықпал етеді.

Идеяны іске айналындыратын мүмкіндік

Бүгінде жас кәсіпкерлер мен креаторларға арналған гранттар, субсидиялар және түрлі қолдау бағдарламалары бар. Алайда, көптеген жастар бұл мүмкіндіктер туралы толық біле бермейді. Бірі жоба жазуға киналса, енді бірі өз өнімін қалай дамыту керектігін білмейді. Осындай жағдайда орталық кеңес беріп қана қоймай, республикалық және халықаралық гранттарға қатысуға, өтінім әзірлеуге және жобаны дамытуға жан-жақты қолдау көрсетеді.

Орталықтың тағы бір ерек-



шелігі – түрлі саланың мамандарын бір ортаға біріктіруі. Мұнда суретші дизайнермен, дизайнер IT маманымен, режиссер музыкантпен, колөнерші маркетингпен бірлесіп жұмыс істей алады.

Осындай шығармашылық серіктестіктің нәтижесінде жана идеялар мен жобалар дүниеге келеді. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларына белсенді қатысып жүрген азаматтардың бірі Дәмелі Ермекова жүзеге асырылып жатқан «Ұлт қазынасы» жобасының жана легінде ментор ретінде қатысып, Сарыарқа өңірінің ауылдарын аралап, шығармашылық қабілеті жоғары жастарды іріктеп, олармен жеке жұмыс жүргізуде. Бұл – ауыл жастарының әлеуетін дамытуға бағытталған бастамалардың бірі.

Орталықта білім беру бағдарламалары, тренингтер, дәрістер, шығармашылық кездесулер мен шеберлік сабақтары тұрақты өткізіледі. Дизайнерлер мен колөнершілерге арналған көрмелер, жәрменкелер және шоурум форматындағы алаңдарды дамытуға да басымдық беріледі. Мұндай мүмкіндіктер шығармашылық өнімді көпшілікке таныстырып, тұтынушымен тікелей байланыс орнатуға жол ашады. Қазірдің өзінде хаб эжәуіесіне 366 креатор бірігіп, оның 77-сі ресми қатысушы ретінде тіркелген. Осы уақытқа дейін мұнда 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында шеберлік сабақтары, форумдар, көрмелер, шығармашылық кездесулер, кино көрсетілімдері мен питчингтер бар. Бұл көрсеткіштер өңірде креативті қауымдастықтың қалыптасып келе жатқанын аңғартады, – деді «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қо-

рының Қарағанды облысы бойынша өкілі Рустам Танишпекөв.

Технология мен таланттың тоғысы

Хаб жұмысы тек бүгінгі күнмен шектелмейді. Орталық өңірдегі креативті индустрияны ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған жобаларды қолға алған. Соның ішінде кино өндірісі мен цифрлық технологияларға ерекше көңіл бөлінуде. Сол жобалардың бірі – «Dayan» эксперименттік мистикалық фэнтези фильмі. Оның басты ерекшелігі – фильм өндірісінде генеративті жасанды интеллект технологияларының қолданылуы. Картина Қарағандыдағы «Сарыжайлау» кинотеатрында көрерменге жол тартып, өңірде жана технологияларды пайдалана отырып кино түсіруге болатынын дәлелдеді.

Бүгінде орталық базасында 3D модельдеу, цифрлық визуализация және креативті контент өндірісі бағыттары да дамып келеді. Бұл технологиялар кино саласымен ғана шектелмей, сәулет, білім беру, жарнама және дизайн салаларында да кенінен қолданылады. Алдағы уақытта хаб білім беру бағдарламаларын кеңейтіп, шығармашылық питчингтерді, көрмелерді, жәрменкелерді және кино жобаларын көбейтуді жоспарлап отыр. CGI, VFX, 2D және 3D анимация, моушн-дизайн бағыттарын дамыту көзделген. Бұл – халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие заманауи мамандықтар.

Орталықтың тағы бір маңызды бағыты – дубляж индустриясын дамыту. Болашақта қазақ және орыс тілдерінде шетелдік фильмдерді дыбыстау, сондай-ақ,

казакстандық контентті халықаралық аудиторияға бейімдеу жоспарланып отыр. Дебюттік фильмдерді қолдау, авторлық киноны дамыту, кинофестивальдер ұйымдастыру және шығармашылық өнімдерді халықаралық деңгейге шығару жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге аспақ, – дейді Рустам Танишпекөв.

Хабтың басты жетістігі – өткізілген іс-шаралардың саны емес, шығармашылық адамдардың бір-бірімен байланыс орнатып, жана жобаларды бірге жүзеге асыра бастауы.

Орталық мамандары шығармашылыққа қызығатын жастарға үш маңызды қағиданы ұсынады. Ең алдымен, бастауға қорықпа, екіншіден, шығармашылықпен қатар цифрлық технологияларды, маркетинг пен кәсіпкерлікті меңгеру, үшіншіден, пікірлес адамдармен бірлесіп жұмыс істеу. Шығармашылық орта адамның кәсібі дамуына жана мүмкіндік ашады.

Өңірде креативті индустрия енді ғана қарқын алып келеді. Дегенмен, өңірдің басты артықшылығы – талантты жастардың көптігі. Сол талантты біріктіретін орта қалыптасып келеді. Ендігі міндет – осы әлеуетті тиімді пайдаланып, шығармашылықты өңір экономикасының маңызды қозғаушы күшіне айналдыру. Өйткені бүгінгі қоғамдағы ең құнды ресурс – адамның ойы мен идеясы. Ал, қолдау тапқан идея ертен жана өнімге, жана брендке, жана жұмыс орнына ұласады. Креативті индустрия – болашақтың ғана емес, бүгінгі күннің де экономикасы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Туған жер құшағындағы құрмет



(Соңы. Басы 1-бетте).

Мені әрдайым ардақтап, төбесіне тұтқан акеділ ағайынға, туған жеріме, барша отандастарыма шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Сіздердің қолдауларыңыз мені үнемі қанаттандырады. Менің еңбегім әрдайым сіздерге арналған! – деді батыр.

Боз кілемдегі бәсекесі

74 келі салмақ дәрежесінде Ақтоғай ауданынан келген Бекислам Сатыбалдин үшінші орынды иеленсе, Шет ауданының намысын қорғаған Жансай Смағұлов күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал, шешуші белдесулерде қарсыластарына дес бермеген Солтүстік Қазақстан облысының балуаны Нұрғали Тұрсынғазиев бас жүлдені жеңіп алып, автокөлік тізгініндегі.

Аса ауыр салмақтағы «Түйе балуан» бәсекесі де көрерменнің делебесін қоздырды. Бұл сында Шет ауданының балуаны Олжас Шымкеев үшінші орыннан көрінді. Қызылжардан келген Әділет Мурзали екінші орынды иеленді. Ал, боз

кілемде мығымдығы мен шеберлігін қатар танытқан түркістандық Қайсар Шамшидинов бас жүлдені қанжығалап, мерейтой бәйгесіне тігілген екінші автокөліктің иесі атанды.

Қазақ күресінен бөлек, қол күресі алаңында да білекті жігіттердің бәсекесі қызды. 70 келі салмақта Семей қаласынан келген Ерсултан Қыздарбеков үшінші орын алса, Шет ауданының өкілі Бақдәулет Серікбаев екінші сатыдан көрінді. Қарқаралы намысын қорғаған Нияз Қойлыбайұлы қарсыластарының бәрінен басым түсіп, жеңіс тұғырына көтерілді.

74 келіден жоғары салмақ дәрежесінде шардаралық Бекет Айтбек қола жүлдеге ие болды. Еркебұлан Еркеш екінші орынды еншілессе, Қанат Мырзабеков білектілер бәсекесінде алдына жан салмай, бірінші орынды жеңіп алды.

Садақ ату сайысына ерлермен қатар әйелдер де қатысып, ұлттық өнердің бұл түріне қызығушылықтың жоғары екенін аңғартты. Ерлер арасында Шымкенттен келген Мақсат Әбдікәрімов үшінші, алматылық Ахмад Саутбаев

екінші орынды иеленді. Нысанға дәлдігімен ерекшеленген Ұлытау облысының өкілі Назар Көпбаев бірінші орыннан көрінді.

Әйелдер арасында Қарқаралы ауданының Теректі ауылынан келген Ақбота Серік үшінші орын алды. Қарағандылық Қарақат Дүйсенбек күміс жүлдеге қол жеткізсе, Жанар Сархытхан сайыс жеңімпазы атанды.

Ат дүбірі

даланы жаңғыртты

Түс ауа этноауылдағы қалың жұрттың назары Жаңаегіз ауылы маңындағы атшабарға ауды. Бірі көлігімен, бірі жаяулап, енді бірі ат үстінде бәйге алаңына қарай ағылды. Аз уақыттың ішінде атшабар маңы қарақұрым халыққа толып, тау бөктерін дүбір мен дабыр басты. Көкжиекке көз тіккен жұрт көмбеден көрінер алғашқы қараны тағатсыздана күтті.

Бұл жолғы бәйгенің жөні бөлек еді. Құнан бәйге, топ бәйге және аламан бәйгенің әрқайсысына бас жүлде ретінде автокөлік тігілді.

Осындай қомақты бәйге еліміздің түпкір-түпкіріндегі атбегілерді Қарқаралыға жинады. Алатау асып, қырғыз ағайындар да жүйріктерін қосуға арнайы келді.

Атшабарға әкелінген сәйгүліктердің арасында талай аламандар топ жарған, елге аты мәлім дүлдүлдер де болды. Тоғыз автокөлік ұтқан «Тайвань» мен Арканың намысын талай додада қорғап жүрген «Көкшоқай» секілді жүйріктердің келуі бәйгенің беделін одан әрі арттырды.

Алдымен, 11 шақырымдық құнан бәйге басталды. Жас жүйріктердің екпіні алғашқы айналымнан-ақ байқалды. Бір-біріне дес бермей қатар шапқан құнандар

ды Меркі ауданынан Нұрхаттың «Абыройы» иеленді. Ал, Алматы облысының Ұзынағаш өңірінен келген Оңдасын Әбілқайырдың «Нұршашуы» қарсыластарына дес бермей, құнан бәйгенің бас жүлдесін қанжығалады.

Одан кейінгі 18 шақырымдық топ бәйге де тартысқа толы болды. Бұл сында үш жүлдені де Алматы облысынан келген сәйгүліктер иеленді. Талғар қаласынан Асхат Майданбектің «Қарлығашы» үшінші келсе, Жамбыл ауданынан Ерсултан Серіктің «Лашыны» екінші орынды еншіледі. Ал, Ұзынағаштан келген Оңдасын Әбілқайырдың «Қасқыры» алдына қара салмай,

аламан еді. Аламанға 33 сәйгүлік тіркелді. Алғашқы айналымдарда топтасып шапқан жүйріктердің қатары уақыт өте сирей берді. Соңғы шақырымдарға жеткенде аламанға қосылған 33 аттың алтауы ғана шыдас беріп, мәреге жетті.

Көмбеге үшінші болып Алма-тыдан келген «Айбатыр» атты тұлпар ілікті. Бұқар жырау ауданынан Бейімбеттің «Керіқұланы» екінші орынды иеленді. Ал, Алматыдан келген Секенайдың «Көкбастауы» ұзақ қашықтықта бабын жоғалтпай, аламан бәйгенің жеңімпазы атанды.

Тау бөктерін ән тербеп...

Атшабардағы дүбір саябырлағанымен, тау баурайындағы мерекелік көңіл-күй бір сәт те толастаған жоқ. Күнүзакқа созылған концерттік бағдарламада Қарқаралының «Салтанат» халықтық ән-би ансамблі, Қарағандының «Арқа сазы» ансамблі, Баянауылдан келген өнерпаздар, Ақтоғайдың «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі, Балқаш, Осакаров, Теміртау, Саран, Шет, Бұқар жырау, Нұра, Шахтинск және Абай өңірлерінің өнер ұжымдары кезекпен сахнаға шықты.

Марапаттау рәсімінен кейін мерейтойлық кеш гала-концертке ұласты. Сахнаға «Үш жүз» тобы шығып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Кештің шарықтау шегінде елімізге танымал әншілер Жандос Қаржаубай мен Әділет Жаушағар өнер көрсетіп, этноауылға жиналған жұртты әнге бөледі.

Алаш жұрты осылайша, өз қыранын төріне қондырып, сексен жылдық мерейлі белесін елдік мерекеге ұластырды. Ғарыш биігін бағындырған батырын Алаш жұрты алақанына салып аялады. Елінің ықпалына бөленген Токтар Әубәкіровка деген құрмет те, халықтың ақ тілегі де ғасырдан ғасырға жалғаса бермек.

Суреттерді түсірген
Алмагүл ДАРМАНҚҰЛОВА



соңғы шақырымдарға жеткенде біртіндеп іріктеліп, мәреге жақындаған сайын тартыс үдей түсті.

Көмбеге үшінші болып Жамбыл облысы Қордай ауданынан келген Сырымбектің «Тауқасқа» атты құнаны жетті. Екінші орын-

топ бәйгенің жеңімпазы атанды. Бір күнде екі бірдей бәйгеде топ жарған атбегінің мерейі үстем болып, «Қасқыр» иесіне екінші автокөлікті сыйлады.

Бәйгенің ең шешуші әрі ең ауыр сыны – 30 шақырымдық

Үздіктер үмітті ақтай ма?



Астанада өтетін халықаралық «Болашақ ойындары – 2026» мультиспорт турнирінде Қазақстан атынан Қарағанды облысының UEL Team және Academy of Cyber Football Allur (ACF Allur) командалары өнер көрсетеді. Олар «фиджитал-футбол» дисциплинасында әлемнің үздік қарсыластарымен бақ сынайды. Бұл – Қарағанды өңірі үшін ғана емес, Қазақстан фиджитал спорты үшін тарихи жетістік. Өйткені алғаш рет бір облыстан шыққан екі команда бір мезгілде осы беделді халықаралық додада ел намысын қорғамак.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы «Болашақ ойындары» әлемнің 34 елінен келген 800-ден астам спортшыны біріктіріп отыр. Турнирдің басты ерекшелігі – дәстүрлі спорт, киберспорт және заманауи технологиялардың бір арнада тоғысуы.

«Фиджитал-футбол» форматында командалар алдымен футбол симуляторында күш сынасады. Кейін тартыс жасыл алаңда жалғасады. Жеңімпаз екі кезеңнің жалпы қорытындысы бойынша анықталады. Осындай ерекше жүйе қатысушылардан тек ойын шеберлігін ғана емес, физикалық дайындық пен тактикалық сауаттылықты да талап етеді.

Қарағанды облыстық киберспорт федерациясының президенті Евгений Набуилиннің бағалауынша, UEL Team бүгінде Қазақстандағы көшбасшы фиджитал-футбол командаларының қатарында.

– Команда құрамында сегіз спортшы бар: киберспортшылар мен футболшылар. Алдымен төрт ойыншы футбол кезеңде өнер көрсетеді, кейін бес футболшы алаңға шығады. Бұл формат жанкүйерлер үшін өте қызықты. Әуелі цифрлық матчтың тартысын көріп, кейін дәл сол қарсыластықтың

футбол алаңында жалғасуына куә болады. Сондықтан екі кезеңге де дайындық бірдей жоғары деңгейде жүргізіледі, – дейді Евгений Набуилин.

UEL Team турнирге қабылдаушы ел – Қазақстанның өкілі ретінде арнайы жолдама алды. Команда құрамында халықаралық деңгейде тәжірибе жинаған ойыншылар өнер көрсетеді. Солардың бірі – Қарағанды облысының тумасы, Қазақстан футбол құрамасының ойыншысы Арнольд Кнауб. Ол – УЕФА Чемпиондар лигасының финалисі әрі Еуропа чемпионатының қола жүлдегері.

Ал, Academy of Cyber Football Allur халықаралық іріктеу кезеңінен сәтті өтіп, әлемнің үздік командалары қатарына қосылды. Топтық кезеңде UEL Team Аргентина құрамасымен кездессе, ACF Allur Бразилия командасына қарсы алаңға шығады.

Қарағанды облыстық киберспорт федерациясы қос команданың да ең жоғары нәтижеге қол жеткізуге толық әлеуеті бар деп есептейді.

– Біздің мақсат – тек жеңіс. Дайындық барысында жоспарлаған дүниелерімізді толық жүзеге асыра алсақ, чемпиондыққа талауға мүмкіндігіміз жеткілікті. Бәсеке-лестік өте жоғары болады. Тіпті Абу-Даби-де өткен жарыспен салыстырғанда да бұл жолғы турнир әлдеқайда жоғары дәрежеде өтеді, – деді Евгений Набуилин.

Бүгінде киберспорт пен фиджитал қозғалысы әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан индустриялардың біріне айналды. Цифрлық технологиялар мен классикалық спортты ұштастырған жаңа формат көрермен қызығушылығын арттырып, халықаралық ареналарда жаңа буын спортшыларын қалыптастыруға қол ашып келеді. Осындай ірі додада Қазақстан намысын екі бірдей қарағандылық команданың қорғауы – өңірдегі фиджитал-спорттың қарқынды дамуының айқын дәлелі.

«Шахтер» көш бастады

Қарағандылық «Шахтер» Қазақстан Бірінші лига ойындарының 16 туры аясында сырт алаңда «Тобылдың» жастар командасымен кездесіп, 2:0 есебімен жеңіске жетті. Осылайша, тоғыз ойын қатарынан жеңілмеген қарағандылықтар турнир кестесінің көш басына көтерілді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер чемпионаттың бірінші айналымында «Тобылдың» жастар командасын өз алаңында 3:0 есебімен жеңген еді. Бұл жолы да сырт алаңда қарсыласына мүмкіндік берген жоқ. Матчтың алғашқы минуттарынан-ақ жерлестер ойын тізгінін қолға алып, қарсылас қақпасына үздіксіз қысым көрсетті. Соның нәтижесінде кездесудің 43-ші минутында есеп ашылды. Шабуылшы Артем Литовш қарсыластың айып алаңына доппен еніп, қақпаға шабуыл жасаған. Ал, қақпаға дәл бағытталған соққыға қақпашы тосқауыл қоя алмады. Осылайша, «Шахтер» үзтілсе

1:0 есебімен басымдықпен шықты.

Екінші таймда қарағандылықтар қарқын бәсеңдеткен жоқ. Олар шабуылды үдетіп, қарсылас қақпасына қауіп төндіруді жалғастырды. Нәтижесінде, кездесудің 86-шы минутын да есепті еселеді. Шабуылшы Арман Нүсіп сол қапталмен сәтті шабуыл ұйымдастырып, қарсылас айып алаңына жақындай бере допты алаң ортасына қарай асырған. Допқа бірінші болып жеткен Диас Қалыбаев мүмкіндікті мүлті жібермей, командасына жеңіс голын сыйлады.

Осы турға дейін турнир кестесінде көш бастап келген алматылық «Қайраттың» жастар командасы бұл кезеңде орадылық «Жайықпен» 2:2 есебімен тең түсті. Ал, қарағандылық «Шахтер» өз матчында жеңіске жетіп, үш ұпайды қоржынға салды. Осының нәтижесінде жерлестер 43 ұпаймен турнир кестесінің бірінші орнына көтерілді. Ал, «Қайраттың» жастар командасы 42 ұпаймен екінші сатыға сырғыды.

Жерлестерді тамыз айында маңызды төрт ойын күтіп тұр. Әуелі 6 тамызда өз алаңында ақтаулық «Каспий» жастарын қабылдаса, 13-інде сырт алаңда «Ақтөбе» жастарымен кездеседі. Ал, 21-і елордалық «Астана» жастарын өз алаңында қабылдамақ. Айта кетейік, жерлестер бірінші айналымда елордалықтардан 3:4 есебімен жеңіліп қалған болатын. 27 тамызда сырт алаңда семейлік «Елімаймен» ойнайды.

Сурет клубтың
әлеуметтік желідегі парақшасынан

ҚАЗАҚСТАН БІРІНШІ ЛИГАСЫ 2026				
№	Клуб	Ойын	Доп айырмашылығы	Ұпай
1	Шахтер	16	44-6	43
2	Қайрат-Жастар	16	56-9	42
3	Тұран	16	32-12	34
4	Астана Ж	16	28-24	26
5	Академия Оңтүстік	16	25-22	26
6	Тараз	16	23-21	23
7	Жайық	16	15-20	23
8	Каспий Ж	16	25-29	21
9	Батыр	16	19-30	20
10	Хан-Төңірі	16	18-29	17
11	Ақтөбе-Ж	16	28-50	17
12	Арыс	16	16-38	10
13	Елімай Ж	16	12-30	9
14	Тобыл Ж	16	24-45	7

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнәлі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBCZKX БИН 000840001412

Тарапымы 3 264
№83 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аида РАХЫМҚҰЛ**